

**ОТЗЫВ ЗАРУБЕЖНОГО НАУЧНОГО КОНСУЛЬТАНТА**  
**на диссертацию докторанта Таушановой Майи Карибаевны**  
**«Совершенствование динамического наблюдения больных глаукомой на**  
**уровне первичной медико-санитарной помощи», представленную на**  
**соискание ученой степени доктора философии (PhD) по образовательной**  
**программе 8D10101 – «Общественное здравоохранение»**

Диссертационная работа Таушановой Майи Карибаевны посвящена одной из ключевых проблем современной офтальмологии и общественного здравоохранения – улучшению динамического наблюдения за пациентами с глаукомой на уровне первичной медико-санитарной помощи. Тема исследования отличается высокой актуальностью, поскольку глаукома остаётся одной из ведущих причин необратимой слепоты в мире, и своевременное выявление, наблюдение и лечение заболевания имеют важное значение для предотвращения инвалидности и повышения качества жизни пациентов.

В процессе выполнения работы автор показала себя как инициативный и креативный исследователь, способный к глубокому анализу научной литературы, тщательной обработке статистических данных и разработке практических рекомендаций. Основной акцент диссертации сделан на повышение эффективности динамического наблюдения и улучшение приверженности пациентов к лечению. Автор самостоятельно приобрела все необходимые навыки для успешной реализации исследования, что подтверждается высоким уровнем выполненной работы.

Особое место в исследовании занимает разработка и внедрение образовательной программы для пациентов с глаукомой – «Школа глаукомы». Автор теоретически обосновала её необходимость и обеспечила внедрение программы в практику, что позволило открыть школы глаукомы в двух поликлиниках города Актобе. В рамках программы проводились занятия, охватывающие такие важные аспекты, как анатомия глаза, основы лечения, питание, физическая активность и психологическое благополучие. Автор организовала реализацию программы, а также провела анкетирование пациентов для оценки её эффективности. Благодаря системному подходу удалось повысить уровень осведомлённости пациентов о заболевании, улучшить их приверженность к терапии и снизить риск осложнений. Этот опыт подчёркивает высокий профессионализм автора, её организаторские способности и умение внедрять инновационные методы в реальную медицинскую практику.

Для обогащения своего опыта и углубления профессиональных знаний автор прошла зарубежную стажировку в Оренбургском государственном медицинском университете на кафедре общественного здоровья и здравоохранения № 1. Здесь она расширила навыки проведения научных исследований и изучила современные методологические подходы. Кроме того, стажировка в центре «Микрохирургия глаза» имени академика С.Н.



**8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Таушанова  
Майя Қарибаевнаның «Глаукомамен ауыратын науқастарды  
медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде  
динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің  
ШҚІРІ**

Таушанова Майя Қарибаевнаның диссертациялық жұмысы заманауи офтальмология және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы негізгі мәселелердің бірі – глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде динамикалық бақылауды жақсарту мәселесіне арналады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғары, себебі глаукома әлемде қайтымсыз соқырлықтың негізгі себептерінің бірі болып табылады, сонымен қатар ауруды уақтылы анықтау, бақылау және емдеу мүгедектіктің алдын алу мен науқастардың өмір сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады.

Жұмыс барысында докторант өздігінен бастамашыл әрі креативті зерттеуші ретінде танылды, ол ғылыми әдебиетті терең талдауға, статистикалық мәліметтерді мұқият өңдеуге және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуге қабілетті. Диссертацияның негізгі акценті динамикалық бақылаудың тиімділігін арттыру және науқастардың емдеуді ұстану деңгейін жақсартуға бағытталған. Докторант зерттеуді ойдағыдай жүзеге асыру үшін қажетті барлық дағдыларды өз бетінше меңгерді, бұл орындалған жұмыстың жоғары деңгейімен расталады.

Зерттеуде ерекше орын алған «Глаукома мектебі» атты глаукомамен ауыратын науқастар үшін білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу болып табылады. Автор оның қажеттілігін теориялық тұрғыда негіздеп, бағдарламаны практикалық іске асыруды қамтамасыз етті, бұл Ақтөбе қаласының емханаларында глаукома мектептерін ашуға мүмкіндік берді. Бағдарлама аясында көз анатомиясы, емдеу негіздері, тамақтану, физикалық белсенділік және психологиялық әл-ауқат сияқты маңызды аспектілерді қамтитын сабақтар өткізілді. Автор бағдарламаның іске асырылуын ұйымдастырып, оның тиімділігін бағалау үшін науқастар арасында сауалнама жүргізді. Жүйелі тәсілдің арқасында науқастардың ауру туралы хабардарлығын арттыру, емдеуді ұстану деңгейін жақсарту және асқынулардың қаупін азайтуға қол жеткізілді. Бұл тәжірибе автордың жоғары кәсібилігін, ұйымдастырушылық қабілеттерін және инновациялық әдістерді нақты медициналық практикада енгізе білуін көрсетеді.

Өзінің тәжірибесін байыту және кәсіби білімін тереңдету мақсатында докторант Орынбор мемлекеттік медициналық университетінің қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау № 1 кафедрасында шетелдік тағылымдамадан өтті. Тағылымдамада ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын кеңейтіп, қазіргі заманғы әдіснамалық тәсілдерді зерттеді. Сонымен қатар, академик С.Н. Фёдоров атындағы «Көз микрохирургиясы»

орталығында тағылымдамадан өту докторантқа глаукоманы диагностикадан өткізу және емдеу протоколдарымен, сондай-ақ тіркеу- есептік құжаттаманы жүргізумен егжей-тегжейлі танысуға мүмкіндік берді, бұл оның зерттеу материалдарын толықтыру мен нақтылауға пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған және барлық зерттеу кезеңдері этикалық нормалар мен ғылыми стандарттарға қатаң сәйкестікпен жүзеге асырылған аяқталған еңбек болып табылады. Жұмыс терең талдаумен, жүйелілікпен, құрылымның логикалылығымен және қорытындылардың негізділігімен ерекшеленеді. Автор ұсынған практикалық ұсыныстар глаукомамен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіру үшін үлкен маңызға ие және басқа медициналық мекемелерде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу междисциплинарлық сипатқа ие, себебі ол офтальмология, әлеуметтік медицина және емхана деңгейіндегі профилактикалық жұмыстың тәсілдерін біріктіреді. Бұл диссертация нәтижелерін тек практикалық қолдану үшін ғана емес, сондай-ақ болашақ ғылыми зерттеулер үшін де құнды етеді.

Таушанова Майя Қарибаевна диссертациясын орындау барысында жоғары жауапкершілік, ұйымшылдық және кәсібилік көрсетті. Оның жұмысы отандық денсаулық сақтау саласының дамуына, әсіресе созылмалы ауруларды алдын алу және емдеу саласында елеулі үлес қосады.

Осылайша, Таушанова Майя Қарибаевнаның диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамының Диссертациялық кеңесінде 8D10101 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша қорғауға ұсынылады.

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**

**Ресей Федерациясы**

**Денсаулық сақтау министрлігінің**

**«Орынбор мемлекеттік**

**медицина университетінің»**

**№1 Қоғамдық денсаулық және**

**денсаулық сақтау кафедрасының жетекшісі,**

**м.ғ.д., профессор**

**Борщук Е.Л.**

